«АДТ-Сервис»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Товарищество с ограниченной
ответственностью «АДТ-
Сервис»

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы Нұрсәт мөлтек ауданы 208А үй, Сым.тетік 8 /7252/ 29-38-67 РНН 582100022340,БИН 010940001160 р/с KZ519650000071097567, АО "Forte Bank" БИК IRTYKKZKA

Республика Казахстан, г. Шымкент мкр. Нурсат 208А, тел. 8 /7252/ 29-28-67 РНН 582100022340,БИН 010940001160 р/с KZ519650000071097567, АО "Forte Bank" БИК IRTYKKZKA

№ 83 « 19 » июль 2018ж.

Исход. № 83
"19" 07 2018г.

Оңтүстік Қазақстан облысы Бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Б.Көшербай мырзаға

Шағым

14.01.2018 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталына ашық конкурс тәсілімен жарияланған №2226417-2;№2226407-2 « Сарыағаш ауданы Халық саны 5000 адамға дейінгі елді мекендердің оңтайланған бас жоспарын топотүсірілммен қоса әзірлеу жұмыстары» ашық конкурстың 17.07.2018 жылғы қорытындылар туралы хаттамасына төмендегіше шағым білдіремін.

Конкурстық комиссияның дауыс беру нәтижелері бойынша, қорытындылар туралы хаттамада «АДТ-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін « Потенциальный поставщик не соответствует требованиям конкурсной докуметаций в части приложение 2 Техническая спецификация.»- деп конкурстан заңсыз шеттеткен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағиданың 150-тармағында конкурсқа қатысушы болып танылатын әлеуетті өнім берушілерді конкурстқа қатысуға жібермеу негіздерінде , жоғарыдағы қорытындылар туралы хаттамадағы көрсетілген конкурсқа қатысудан бас тарту себебі қарастырылмаған.

Қағиданың 150-тармағындағы «техникалық ерешелікті ұсынбау, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың таоаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы»-деген ғана негіздр көрсетілген.

Біз, яғни «АДТ-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, өз конкурстық өтінімізде техникалық ерекшелікті ұсынғанбыз және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін техникалық ерекшелік толықтай ұсынғанбыз.Алайда , аталған ашық конкурстық ұйымдастырушы, Бізді конкурсқа қатысудан заңсыз шеттетіп , заңды құқығымызды шеттеп отыр.

Бұл жерде , Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 4 бабындағы мемлекеттік сатып алу қағидалары сақталмай, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қамтамасыз етілмей , сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол беріліп отыр.Себебі, осы конкурсқа қатысуға өтінім берген 20 шақты әлеуетті өнім берушінің 1(біреуі) ғана конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талабы сәйкес келеді деп, конкурсқа қатысуға жіберілген.

Осыған байланысты Сізден, жоғарыда аталған конкурсқа өз тарпыңыздан тексеру жүргізіп , заңды құқығымызды қалпына келтіруге ықпал етуіңізді сұранамын.

«АДТ-Сервис» ЖШС-ның директоры **Мамырбаева М.К.**

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ (ҚР) МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс № ЗТ-М-1623
"19" 07 2018ж

8 778 186 7337.